

Павлодар облысының Білім беру басқармасы
және
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
арасындағы
қосымша кәсіби білім беру және біліктілікті арттыру саласында
өзара ынтымақтастығы туралы
Меморандум

Павлодар қ.

«04» сәуір 2018 ж.

Павлодар облысы Білім беру басқарма Ереже негізінде әрекет етуші жетекші Болатхан Дініслам тұлғасында (бұдан әрі – Тарап - 1) және С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Жарғы негізінде әрекет етуші ректор Ахметова Гаухар Ғалымқызы тұлғасында (бұдан әрі – Тарап - 2) арасындағы осы Меморандум тең құқылы серіктестік рухында қосымша кәсіби білім беру және біліктілікті арттыру саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге және кеңейтуге ұмтылады, өзара мүдделі ынтымақтастықтың келесі мақсатын және бағыттарын айқындау пайдалы деп санайды.

I бөлім

Осы Меморандумның мақсаты педагогикалық және білім беру саласындағы қызметкерлердің қосымша кәсіби білім беру және біліктілігін арттыру саласындағы саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ Тараптар арасындағы осы саладағы ынтымақтастықты дамыту және қолдау.

II бөлім

Тараптар серіктестікті келесі бағыттар бойынша жүргізуге мүдделі екендіктерін білдірді:

- педагогикалық және білім беру саласындағы қызметкерлерге қайта даярлауда қосымша кәсіби білім беру, біліктілігін арттыру;
- қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу материалдарымен, оқу жоспарлары мен бағдарламалармен алмасу;
- қосымша кәсіби білім беру, педагогикалық және білім беру саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін бірлескен білім беру және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- конференцияларды, форумдарды, симпозиумдарды, көрмелерді, дөңгелек үстелдерді, тақырыптық пікірталастарды, кездесулерді, сондай-ақ ұқсас іс-шараларға қатысудың бірлескен қатысуы және / немесе мүдделерін өзара ұсынып конгресстерді бірлесіп ұйымдастыру;

- Тараптар бірлесіп келіскен қосымша кәсіби білім беру және біліктілікті арттыру бағдарламалардың аттестациялау жүйесін дамыту және сертификаттау процестерін қолдау.

Мүдделі ұйымдардың білім беру қызметтерін ұсыну үшін ақы төлеу тәртібі мен мөлшері екі жақты шарттар негізінде белгіленеді.

Осы Меморандумға сәйкес өзара ынтымақтастық туралы жазбаша түрде Тараптар ынтымақтастықтың басқа салаларын қосымша белгілей алады.

III бөлім

Бұл Меморандум қол қойылған сәттен бастап бес жыл қолданылады. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумды қолдану мерзімі ұзартылуы мүмкін.

Әрбір Тарап осы Меморандумның қолданылуын тоқтата алады, ол екінші Тарапты оның қолданылуын тоқтатқанға дейін 90 күн бұрын жазбаша түрде хабарлап ете алады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандум жазбаша түрде өзгертілуі мүмкін.

IV бөлім

Тараптардың өкілдері өзара ынтымақтастық туралы Меморандумның орыс және қазақ тілдерінде құрастырылған екі данасына қол қойды. Әрбір Тарап бір данасын алады.

Тарап 1

Павлодар облысының
Білім беру басқармасы
Павлодар қ., Қайырбаев көш., 32

Басшы



Д. Болатханұлы

Тарап 2

С. Торайғыров атындағы Павлодар
мемлекеттік университеті
Павлодар қ., Ломов көш., 64

Ректор



Г.Г. Ахметова

